

## Арал теңізінің экологиялық проблемасын шешу мәселелері жөніндегі ақпарат

*Арал проблемасына халықаралық қорлар мен ғылыми орталықтарды тартуға, сондай-ақ Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қордың жұмысына жаңа серпін беруге қатысты*

2021 жылғы 29 маусымда Душанбе (Тәжікстан) қаласында Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) Басқармасының шешімімен 2021-2030 жылдарға арналған «Арал теңізі бассейні елдеріне көмек көрсету жөніндегі іс – қимыл бағдарламасы» (бұдан әрі - АТББ-4) бекітілді.

АТББ-4 негізгі мақсаттары Арал теңізі бассейнінде тұратын халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту және әл-ауқатын арттыру; су шаруашылығы, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мәселелерінде Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығын одан әрі кеңейту және нығайту; су ресурстарын ұтымды пайдалану және климаттың өзгеруіне бейімдеу болып табылады.

АТББ-4 барлық негізгі бағыттарды қамтитын және оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін 34 жобалық ұсынысты қамтиды: су ресурстарын кешенді пайдалану, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық бағыттар, институционалдық-құқықтық тетіктерді жетілдіру.

Қазақстанда АТББ-4 шеңберінде Қазақстан Республикасындағы ХАҚҚ атқарушы дирекциясы гранттық қаражат есебінен «Арал теңізінің құрғаған табанын көгалдандыру», «Арал өңіріндегі тиімділігі жоғары және ылғалдылығы төмен ауыл шаруашылығы дақылдарын зерттеу» және басқа да жобаларды іске асыруда.

*Анықтама: Қазақстан Республикасындағы ХАҚҚ Атқарушы Дирекциясының қызметі шеңберінде ұлттық және өңірлік сипаттағы бірқатар жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тартылуда. 1993 жылдан бастап 2021 жылға дейін Атқарушы дирекция жалпы сомасы 9 млн.888 мың долларға 186 жобаны («су ресурстарын кешенді пайдалану», «экологиялық» және «әлеуметтік-экономикалық» үш бағыт бойынша) іске асырды, оның ішінде 4 млн. 146 мың долларға жуық донорлық қаражат тартылды.*

Сонымен қатар, өңірлік деңгейде ХАҚҚ қызметіне жаңа серпін беру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, 2018 жылы ХАҚҚ-тың ұйымдық құрылымы мен шарттық – құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – ЖТ) құрылды. ЖТ-ның 7 отырысы өтті (*соңғы отырыс 23-24 маусым 2022 ж Алматы қ. өтті*).

Оңтүстік өңірлер мен Солтүстік Арал теңізін үздіксіз сумен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан трансшекаралық су пайдалану саласында Орталық Азия елдерімен тұрақты жұмыс жүргізіп отырғанын атап өткен жөн.

Атап айтқанда, жыл сайын МҮСК екі отырысы өткізіледі, оның отырыстары барысында елдер Сырдария және Әмудария трансшекаралық өзендерінің бассейндері бойынша су жинау лимиттерін және су қоймалары каскадтарының вегетациялық және вегетациялық кезеңге арналған болжамды

режимін қарайды және бекітеді (2022 жылғы 26-27 сәуірде Түркістан қаласында МҮСК кезекті 82-ші отырысы өтті).

Сонымен бірге су аз кезеңдерде қазақстандық тарап өзбек тарапымен бірлесіп үшжақты хаттамалар жасасу арқылы Тоқтоғұл және Бахри Точик су қоймаларынан қосымша су жіберу туралы мәселесін пысықтауды жүзеге асырады (2022 ж. 7 наурызда «ҚР – ӨР – Қырғыз Республикасы» форматында, ал 2022 ж. 8 маусымда «ҚР – ӨР – ТР» форматында хаттамаға қол қойылды).

#### *Су-энергетикалық консорциум құруға қатысты*

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы өңірлік деңгейде Халықаралық су-энергетикалық консорциум (ХСЭК) құру туралы мәселені белсенді түрде ілгерілетуде және тиісті келісімнің жобасы пысықталуда.

ХСЭК құру ирригация мен энергетиканың мүдделерін ескеретін Орталық Азия өңірінің су-энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді орнықты тетікті қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Бұл ретте, ХСЭК Орталық Азиядағы су-энергетикалық алмасуды, жазда Тәжікстан мен Қырғызстан өндіретін электр энергиясын өндіруді (суару су жіберулерінде), су қоймаларының ирригациялық режимдерін реттеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте барлық электр энергиясын өндірушілердің мүдделері сақталуы тиіс.

#### *Кіші Арал мен «Көкарал» бөгетін сақтауға қатысты*

Бүгінгі күні Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жөніндегі жобаның бірінші кезеңі (САРАТС-1) шеңберінде салынған Көкарал бөгеті қайта жаңартуды талап етеді.

Су көлемі 27 млрд м<sup>3</sup> болатын шағын Арал теңізінің бір облыста ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамуға айтарлықтай әсер ететінін ескере отырып, Мемлекет басшысы 2019 жылы Үкіметке шағын Аралды сақтау бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл мәселе Үкіметтің бақылауында.

Осыған байланысты, 2020 жылы «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің атырауын қалпына келтіру» жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге республикалық бюджеттен 100,5 млн.теңге бөлінді. Бүгінгі таңда жобалық-сметалық құжаттама әзірленді.

Жобаның ЖСҚ-на мемлекеттік сараптама қорытындысы ағымдағы жылдың қыркүйек айында күтілуде. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2023 жылы бастау жоспарланып отыр.

#### *Арал теңізінің құрғаған түбінде жасыл желектер отырғызуға қатысты*

Арал теңізінің құрғатылған бөлігінің ауданы 4,5 млн.га құрайды, оның 2,2 млн. га Қазақстан Республикасының аумағына келеді.

20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап Арал теңізінің құрғаған табанындағы Фитоорманмелиорациялық жұмыстар 195 мың га алқапта жүргізілді, бұл ретте табиғи екпелерді қоса алғанда, ормандардың жалпы ауданы 337 мың га құрайды.

Қызылорда өңірінде экологиялық жағдайды одан әрі жақсарту мақсатында Арал теңізінің құрғаған бөлігінде көшкіндерді бұғаттау бойынша Фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізілуде. Осылайша, 2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде жыл сайын 250 мың га фитоорманмелиорациялық жұмыстарды орындау бойынша шаралар қабылдау жоспарлануда.

Осылайша, 2025 жылдың соңына қарай Арал теңізінің құрғаған ұлтанының ормандану алаңы 1,5 млн. гектарды құрайтын болады.

Сонымен қатар фитоорманмелиорациялық жұмыстары үшін халықаралық ұйымдардың (*Дүниежүзілік банк, Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (USAID), Герман ынтымақтастық қоғамы (GIZ)*) қаржысын тарту бағытында шаралар қабылдануда.

---